

Тест спецификациясы

1. Тест атауы: «Өзін-өзі тану» блогы бойынша педагогикалық қызметкерлерге арналған тест.

2. Құрастыру мақсаты: «Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған үлгілік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестін өткізу.

3. Міндеті: педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

4. Содержание теста. Тест ұсынылған бес жауап нұсқасының бір (1/5) және бірнеше (б/б) дұрыс жауабы бар 70 тапсырмадан тұрады. Тест тапсырмалары Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес негізгі материалдарды қамтиды.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады:

- бірінші деңгей (А) – 18 тапсырма,
- екінші деңгей (В) – 42 тапсырма,
- үшінші деңгей (С) – 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырмалар формасы	Тапсырмалар саны
1	«Өзін-өзі тану» пәнінің психологиялық-педагогикалық негіздері	1	Білім саласын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігі	А	б/б	1
		2	Рухани-адамгершілік білім беру мәселесіне тарихи шолу	А,В,В,В	1/5	4
		3	Сана арқылы оқыту	В,В,С,В	1/5	4
		4	Рухани гуманизм	В,В,С	1/5	3
		5	Мұғалімнің адамгершілік үлгісі	А,А,А	1/5	3
		6	Шынайы көшбасшының адамгершілік қасиеттері	А,В	1/5	2
2	«Өзін-өзі тану» пәнінің аксиологиялық негіздері	1	Абсолют жалпыадамзаттық құндылықтар	В,В,В,В	1/5	4
		2	Ақиқат – өзін-өзі танудың мақсаты	В,С	б/б	2

		3	Сүйіспеншілік энергиясы	В,С	б/б	2
		4	Дұрыс әрекет жалпыадамзаттық құндылық ретінде	А,В	б/б	2
		5	Ішкі тыныштықтың мәні	А,А,В,В,В	1/5	5
		6	Қиянат жасамаудың мәні	В,С	б/б	2
		7	Өзін-өзі тану мен өзге оқу пәндерінің интеграциясы	В,В,В,С,С	1/5	5
		8	Оқудан тыс іс-әрекет арқылы өзін-өзі тану	А,А,В	1/5	3
		9	Отбасы тәрбиесінің адамгершілік негіздері	А,А,В	1/5	3
3	«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі	1	Өзін-өзі тану сабағын жоспарлау және өткізу	А,В,В,В,В	1/5	5
		2	Оқиға әңгімелеу – оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үдерісіне тартудың тәсілі	В	б/б	1
		3	Сабақтағы шығармашылық іс-әрекет	В,В,В,В,В	1/5	5
		4	Сабақта топтық ән айту әдісі мен музыканы пайдалану	А,А,В,В	1/5	4
4	Контекстік тапсырмалар (мәтін, кесте, кескін, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.)			А,А,В,В,С А,А,В,В,С	1/5	10
Барлығы:						70

5. Тапсырма құрамының сипаттамасы:

- 1) ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар саны – 41;
- 2) ұсынылған бес жауап нұсқасынан бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар саны – 19;
- 3) ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын контекстік тапсырмалар саны – 10.

6. Тапсырмаларды орындау уақыты.

Тесттің бір тапсырмасын орындауға жұмсалатын уақыт – 2 минут. Тестті толық орындауға берілетін уақыт – 140 минут.

7. Тапсырмалар нұсқасының саны.

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрастырылуымен,

- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әртүрлі нұсқаларда бір орында бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде – 70 тапсырма.

8. Бағалау.

Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау мынадай түрде жүзеге асырады:

1) ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін бір балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі;

2) ұсынылған нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін:

- барлық дұрыс жауаптар үшін - екі балл;

- жіберілген бір қате үшін - бір балл;

- екі және одан да көп қате жібергені үшін - нөл балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Назарбаева С.А. Өмір әдебі. – Алматы, 2001.

2. Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен ықпалдасқан тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал . ӘкімбаеваЖ.Ж., Ахметова А.И. – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014.

3. Отбасылық өмір әліппесі (9-11 сын.). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И., Кошкеева Г.У./ – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014.

4. А.Рысбаева, Ф Жұмабекова, А.Омарбекова . Өзін-өзі тану оқулық.-Астана: Фолиант, 2019.